

## ОРИЕНТАЛИЗМ

Ориентализм және европоцентризм:  
қазіргі гуманитарлық  
ғылымдардағы көрінісі





**Мақсаты:** Ориенталистік және европоцентристік көзқарастардың қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы көрінісін анықтау.

Саид өзінің кітабы жайлы «Ориентализм» – бұл қазіргі замағы оқиғалардың қарқынды динамикасымен тығыз байланысты кітап» дейді және осы ойын түсіндіру үшін оның қандай оқиғалар екенін атайды:

- «Ориентализмнің алғашқы беті Ливандағы азамат соғысының сипаттамасынан басталады. Ол соғыс 1990 жылы аяқталғанмен қысым көрсету мен қантөгіс әлі күнге дейін жалғасуда.
- Одан кейін араб-израиль қақтығысы бойынша Ослода жүргізілген бейбіт келісім де сәтсіздікке ұшырады.
- Сондай-ақ Газа секторы мен Иордан өзенінің батыс жағалауындағы палестиндіктердің бас көтеруі аяусыз басып-жаншылды.
- БАҚ бойынша әлемнің әр еліндегі террорист-жанкештілердің қимылдары үзіліссіз таратылуда.
- Тарихта ең үлкен теракт саналған 2001 жылғы қыркүйек оқиғасы үш мыңға жуық адамның өмірін қиып тастады.
- Ауғанстан мен Ирак территориясындағы жантүршігерлік соғыстың зардаптарын сөзбен айтып жеткізу қиын дей келе Саид:

«Ал мен осы жолдарды жазып отырғанда Ұлыбритания мен АҚШ Ирак территориясын оккупациялауды (заңсыз басып алуын) жалғастыруда», – дейді.

Мұның барлығы өркениеттердің таусылмас, бітіспес қақтығысы ма?

Біз мұның алдындағы Саидтің араб-израиль шиеленісіне байланысты Америка әкімшілігін сынауы жөніндегі дәрісімізде оның бұл проблеманың оң шешілуіне әрқашан үлкен үмітпен қарағанын атаған едік. Саид өзінің сынынан кейін АҚШ тарапынан Таяу Шығысты, арабтар мен Исламды жалпылама болса да жағымды түсіне бастағанын көргісі келгенмен, іс жүзінде мұндай өзгеріс болған жоқ.

Саид араб-израиль шиеленісі мен босқындар проблемасын Америка лидерлерінің түсінісі келмеуінің себебі тақтаның бетіндегі жазуды өшіре салған сияқты тарихты да жойып жіберудің мүмкін еместігімен байланыстырады. Өткенді толығымен жойып жіберіп, тарихтың бетіне «кішкентай» деп саналатын адамдардың орнына өзінің атын жазу, оларға өзінің ережелерін мәжбүрлеп мойындату оңай нәрсе емес.

Саид Палестина территориясын арабтарға қайтару мәселесіне қатысты былай дейді: «Вашингтон мен басқа да жерлерде жоғары шенді ресми өкілдер Таяу Шығыстың картасын өзгерту жөнінде айтып жүргені жақсы мәлім, алайда көне тарихпен ойнауға болмайды, көне қоғамдар мен халықтар ыдыстағы жаңақ сияқты араластыра салатын нәрсе емес».

Алдыңғы дәрістердің мазмұнында айтылғандай Саид Батыстың, әсіресе Франция мен Британияның да Шығыс елдеріне осылай істегісі келгенін өткір сынаған болатын. Саидтің айтуынша «Мұндай процестің кезінде тарихтың ізі, халықтар мен тілдердің, мәдениеттердің алуан түрлі жетістіктері жоққа шығарылады немесе мүлде назардан тыс қалады. Сондай-ақ керексіз дүние сияқты лақтырылады, ал ең құнды жәдігерлер мағынасыз түрде бөлшектенеді немесе қиратылады. Олар Бағдадтан әкетілгендей, империалистердің қолында кетеді» дейді. Саид бұл жерде орта ғасырлардағы Араб Халифатының Аббас әулеті билеген тұстағы жиналған мол ғылыми мұра мен оның территориясында аяусыз қиратылған құнды материалдық тарихи ескерткіштер жайлы айтып тұр.

Бұдан кейін ол өзінің ойын былай жалғастырады: «менің дәйегім мынау: тарихты ерлер мен әйелдер, яғни қарапайым адамдар жасайды, сол сияқты «біздің» Шығысымыз «біздікі» болу үшін, оған билік жүргізу үшін оны (тарихты) жоққа шығаруға немесе өзгертуге болады. Мен бұл аймақ халықтарының қуаты мен дарынын өте жоғары бағалаймын». Бұл жерде Саид Батыс көз тігетін аймақтардың тарихы мен адами ресурстарының құндылығын, ал Батыс оған қол жеткізу үшін неге де болсын дайын екендігін айтады. Оның «Ориентализмінің» жазылуына араб-израиль шиеленісі түрткі болғанымен, Шығысты жаулап алу, отарға айналдыру идеясы жылдар емес, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан мәселе. Себебі ол аймақ барлық жағынан құнды.



Бұдан Саидтің бұл тұжырымы оның еңбегінің Батыстың Шығысқа жүргізген экспансиясын сынау ғана емес, қазіргі ахуалды бағалау және болашақты бағдарлау үшін де құнды екені анық көрінеді. Біз Саид өз еңбегінің қазіргі заманғы даму динамикасымен тығыз байланысын арнайы атағанын байқаймыз.

Саид еңбекте Батыстың ориентализм идеясының түп тамырын анықтап, бет пердесін ашып берді. Оны қолдағандар да немесе келіспеушілер де болды, біз оны біраз талқыладық. Енді туындайтын келесі сұрақ, егер Саидтің осы еңбегі қазіргі қоғам үшін маңызды болса, онда ориентализм саяси-мәдени дискурс ретінде қазір өмір сүріп жатыр ма? Оның қазіргі гуманитарлық ғылымдағы көрінісі қандай?

Алдымен біз ориентализм мен европоцентризмнің айналасында туындаған пікірталастардың көпшілігі олардың негізгі сипатты белгілерінің айналасында жүргенін айтуымыз керек. Ал ол белгілер дәстүрлі түрде дихотомиялық мазмұндағы «өркениетті-варварлық», «дамыған-артта қалған», «рационалды-иррационалды», «ақиқат-жалған» терминдерімен белгіленеді. Бірақ дәл осы мағынада қабылданатын ориентализм қазіргі заманғы емес, өткен дәуірлерге ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басына тиісті проблема екені белгілі. Себебі қазір ол мемлекеттердің тарихы өзгерді, қоғам жаңарды Империялық жүйе келмеске кетті. Ал ориентализм мен европоцентризм онымен бірге кетті ме, жоқ па? Осыған байланысты мынадай мәселеге көңіл аудару қажет болады.

- Бірінші мәселе – Европоцентризм мен ориентализмнің арасындағы айырмашылыққа қатысты. Ориентализм – Шығыс тақырыбындағы әртүрлі зерттеулердегі этноцентризмнің ерекше европоцентристік нұсқасы. Европоцентризм барынша кең ұғымды қамтиды, ол ғылыми немесе басқа да ортада кездеседі.

- Ориентализмді саяси-мәдени дискурс ретінде сынау әдетте Таяу Шығыспен, исламтанумен, нақты айтқанда Эдвард Саид есімімен байланысты. Алайда ориентализм туралы Саидтің өзі айтқандай одан да бұрын А. Тибави, Абдалла Ляури, Ануар Абдель-Малик, Талал Асад және т.б. «биліктің абсолютті беделі» дегенді күмәнді деп санаған басқа авторлардың жазғаны белгілі болып отыр.

- Гуманитарлық ғылымдардың аясындағы европоцентризм енді бұдан кейін жоғарыда аталған дихотомияға негізделмейді. Егер біз ориентализмнің анықтамасын әртүрлі зерттеу пәндері мен ғылым салаларындағы белгілі «өркениет-варвар» дихотомиясының үстемдігімен шектеп қойсақ, онда біз ориентализмнің уақыты өтті деуімізге болады. Алайда ориентализм әлі күнге дейін басымдыққа ие және ол әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың дамуындағы европалық емес теориялар мен концептердің маргиналдығымен байланысты. Маргиналдық (мағынасы лат. – шеткі, шегара) бұл жерде дәстүрлі түрде жеке бір құбылыстың қандай да бір топқа толық енбей немесе сіңіспей, екі немесе бірнеше топтың арасында шеткері қалып қоюын анықтайтын ұғым. Мұнда шығыс елдері теорияларының Европа ғылымының мазмұнына еркін ене алмағаны сөз болып тұр. Бұл егер Азия елдерінің қазіргі зерттеулері Европа ғылымының құрамына енбей, маргиналды күй кешуде десек, онда ориентализм әлі де өмір сүріп отыр деген сөз.

Саидтің ориентализмді саяси-мәдени феномен ретінде қарастыруы империалистік және колониалдық жүйенің Шығысқа үстемдігімен байланысты туды. Оның еңбегінің маңызы да осында, яғни Саид Батыстың Шығыс елдерін экспансиялау мақсатын сынау арқылы империализм мен колониализм дискурсына назар аударды. Алайда ориентализм тек тарихи мәнге ғана ие емес: оның ары қарайғы дамуы әлеуметтік ғылымдардың аясында мемлекеттік теория түрінде жалғасуы тиіс, бұл жерде біз дамушы елдер туралы айтып отырмыз. Мұның себебі – Саид айтқан батыстық «Шығыс» конструкциясының ықпалы ары қарай жалғасып жатуында. Үшінші әлем елдері әлемдік қауымдастықтың бір бөлшегі ретінде үнемі өзінен үстем, қазіргі жағдайда дамыған елдердің назарында қала береді. Оның себебі – негізінен саяси, экономикалық мүдделер.

Белгілі бір дәрежеде «тұтқындағы» ақыл-ойдың, яғни сол үшінші әлемнің ақыл-ойының өзінің ориенталистік сипаты бар, себебі ол батыстың санасына бағынышты, оған ұқсауға тырыса отырып, оның ықпалына ұшыраған. Мұндай көзсіз еліктеу ғылыми ізденістердің барлық деңгейіне тән, атап айтқанда оның қатарында проблеманы көтеру, талдау, жалпылау,



генерализация, тұжырым жасау, сипаттау, түсіндіру және интерпретациялау және т.б. әдістер бар.

Дамушы елдерде әлеуметтік ғылымдардың дамуы «сыни емес негіздердің» нәтижесі болып табылады. Бұл жердегі «сыни емес негіз» ол кез келген зерттеудің негізгі қозғаушы күші немесе батыс теориялары, концепттері және зерттеу бағдарламаларының қолданылуының басты себебі оның, батыс теорияларының басымдылығына сену және мойындау, тіпті қажет десе тәуелділік дегенді білдіреді. Дамушы елдердің ғылымында батыс теориялары мен басқа да аталған ұғымдардың басым қолданылуы – ең алдымен оның артықшылығына сенудің дәлелі. Тұтқындағы ақыл-ой өзінің осы күйі мен оған талап қоюшы факторларды өзі толық сезінбейді». Мысалы, ориентализмді, европоцентризмді, интеллектуалды империализмді және академиялық тәуелділікті сынау барысында туындаған мәселелер оның тарапынан мүлде проблемалық мәселе болып қаралмайды.

Ал академиялық тәуелділік бірнеше өлшемдермен анықталуы мүмкін:

1. Идеяға тәуелділік;
2. Идеяны таратушыға тәуелділік;
3. Білім беру технологияларына тәуелділік;
4. Зерттеулер жүргізу мен оқыту процесіндегі тәуелділік;
5. Білім беру саласындағы инвестицияға тәуелділік;
6. Дамушы елдер ғалымдарының (олардың өздерінің білімінің) арнайы білімге сұранысқа тәуелділігі;
7. Мойындауға тәуелділік.

Бұл тізім дамушы елдердің барлығының іс жүзінде Батыстың білім, ғылым саласындағы технологияларына толықтай тәуелділігін көрсетеді.

Әсіресе олардың қатарындағы ең соңғы пункт үлкен мәнге ие. Бұл тәуелділік дамушы елдердің журналдары мен университеттерінің әртүрлі халықаралық рейтингтерге енуге ұмтылысынан көрінеді. Жеке бағалау сияқты, институционалдық даму да рейтингтер жүйесінде барынша жоғары статусқа ие болу үшін жүргізіледі. Ондаған жылдар бойы гуманитарлық ғылымдарда Сілтеме индексі (citation index) жүйесі европалық және америкалық журналдарда жүзеге асырылып келеді. Академиялық бедел параметрлері барған сайын тарыла келіп, бірқатар халықаралық иерархиялар жүйесі пайда болды. Олар неғұрлым беделді академиялық орталықтардың зерттеулерін олардан тыс жарияланған маргиналды білімнен бөліп тастап отырады. Кейбір шеткері елдердің ғылыми зерттеулерінің артуына қарамастан Латын Америкасы, Азия және Африка елдері авторларының мақалаларының саны әлеуметтік ғылымдардағы Сілтеме индексі жүйесінде жарияланған барлық мақалалардың 20%-нан төмен. Мұндай тәуелділіктің нәтижесінде халықаралық рейтингтерге енбейтін журналдардың беделі төмендейді. Ал бұл гуманитарлық ғылымдардың сол елдердің өзінің тілінде әлсіз немесе мүлде дамымайтынын көрсетеді. Алайда академиялық тәуелділіктің ең үлкен салдары болып идеялық тәуелділік саналады.

Ориентализмнің әлеуметтік ғылымдардағы ықпалы бұрыннан да үлкен болғанымен басымдыққа ие болып отырған тенденцияның аясынан тыс балама дискурстың ойға алынуы және пайда болуы – ол дегенмен де болашақтың ісі. Бұл батыстық тарих пен мәдениет контекстінде пайда болған теориялар мен концептерге тәуелділіктің қазір де таралып отырғанының дәлелі. Бұл қазіргі ғылыми қауымдастықтың шынайы ахуалы. Ориентализмнің Саид айтқан жасырын түрі осы уақытқа дейін жоғалған жоқ, керісінше бұрынғысынан да берік орнап, енді жаһандық сипат алуда. Ал біз Саид өз кезегінде XIX ғасыр мен XX ғасыр ориентализмін сынау арқылы мұның алғышарттары мен салдарын алдын ала талдап қойғанын байқай аламыз.

Саидтің өзінің «Ориентализмін» – бұл қазіргі заманғы оқиғалардың қарқынды динамикасымен тығыз байланысты кітап деп атауы оның кейінгі замандарда да жалғасын таба беретінін көрсетеді.



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **22. Ориентализм және европоцентризм: қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы көрінісі**

---

### **Өзін-өзі бақылау сұрақтары**

1. Европоцентристік көзқарас дегеніміз не?
2. Европоцентристік көзқарас ғылымда қалай көрініс табады?

### **Өздік жұмыс тапсырмалары**

1. Ориентализм мен европоцентризмнің арақатысын түсіндіріңіз.
2. «Сілтеме индексі» ұғымын анықтаңыз.

### **Ұсынылатын ресурстар**

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Э. Саид, Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.